

«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы

044 -59/11 ()

«Гигиена және эпидемиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

28 беттің 1беті

Силлабус

«Гигиена и эпидемиология» кафедрасы

«Гигиена и эпидемиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

Білім беру бағдарламасы 6В10101- «Жалпы медицина»

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: GzhE 3201	1.6	Оқу жылы:2023-2024
1.2	Пән атауы: Гигиена және эпидемиология	1.7	Курс:3
1.3	Реквизитке дейінгі: Физиология	1.8	Семестр:5
1.4	Реквизиттен кейінгі: Жұқпалы аурулар	1.9	Кредит саны (ECTS):4
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент:ТК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)		
Қоршаған орта және денсаулық. Қоршаған орта факторларын гигиеналық нормалаудың ғылыми негіздері. Емдеу-алдын алу ұйымдарының гигиенасы. АПИ-ң алдын алу. Эпидемиологиялық талдау құралдары. Эпидемиологиялық зерттеулер схемалары, оларды халықтың денсаулығына қолдану. Эпидемиологиялық әдістерді негізгі, клиникалық ғылымдарға, олардың зерттеу және талдау нәтижелеріне саясатты әзірлеу үшін қолдану. Эпидемиологиялық талдау, эпидемиологиялық диагностика, эпидемиологиялық қадағалау. Халық арасында профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын өткізу.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу✔	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе Тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу, халықтың денсаулығын сақтау және нығайту саласындағы гигиеналық білімі мен дағдысы бар мамандарды дайындау.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1	Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерін, олардың басқа ғылымдармен байланысы тұрғысындағы білімдерін түсіндіре алады, қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық тұрғыдан нормалаудың қағидалары мен ерекшеліктерін және қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын біледі.		
ОН 2	Өртүрлі аурулардың пайда болуындағы ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін және оларды оңтайландырудағы алдын алу шараларын анықтайды; тамақтану, еңбек, балалар мен жасөспірімдер, коммуналдық гигиена саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды пайдаланады.		
ОН 3	Медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялардың алдын алудың гигиеналық аспектілері мен тиімділігін, медициналық персоналдың еңбек жағдайлары мен денсаулық жағдайын талдайды; тұрғындардың ауруды жұқтыру жолдарының ықтимал қауіптілігін бағалайды; тұрғындар арасында сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды талдай алады.		

ОН 4	Этика, деонтология ережелерін сақтай отырып, пациенттермен, олардың отбасыларымен серіктестік қарым-қатынас орнатуға және қолдауға қабілетті; командада тиімді жұмыс істеу қағидаттарын қолданады; ҚР Конституциясының негізгі ережелерін, адамның адамға қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды ұстанады.					
ОН 5	Қоршаған орта факторларының қоғамдық денсаулыққа қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын біледі; ҚР Денсаулық сақтау халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамалық құжаттарын қолданады және түсіндіреді.					
ОН 6	Гигиена және эпидемиология саласындағы соңғы ғылыми жетістіктер мен ғылыми зерттеулер дерекқорын пайдалана алады; қоршаған ортаның негізгі факторлары мен әртүрлі гигиена нысандарын анықтау әдістерін меңгереді.					
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты БББ оқыту нәтижелері				
	ОН1	ОН 1 Анағұрлым кең таралған аурулар кезінде биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласында пациент-орталықтанған күтімді қамтамасыз етеді.				
	ОН2 ОН5	ОН 2 Өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады, оңтайлы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін оларды өзінің практикалық қызметінде басшылыққа алады.				
	ОН6	ОН 7 Медициналық практика мен зерттеуде ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті. Клиникалық практикаға жаңа әдістерді енгізеді.				
	ОН3	ОН 8 Қоғамдық денсаулықты қорғауды жүзеге асыру нормаларын Денсаулық сақтау ұйымының санитарлық-гигиеналық режимін және қоршаған ортаның эпидемиологиялық қауіпсіздігін Денсаулық сақтау ұйымындағы еңбек қауіпсіздігі нормаларын сақтайды.				
	ОН4	ОН 11 Медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастырады, халық арасында профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын жүргізеді				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория):Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, Әл-Фараби алаңы- 3, оқу корпусы №4. №1-10 аудиториялар. Телефон: 40-82- 22 (413). Электрондық адрес: gigiena.kafedra@mail.ru					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ.	ОБӨЖ	БӨЖ
		10	30	-	24	56

7. Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі мен лауазымы	Электрондық мекен-жайы	Ғылыми қызығушылықтары жәнет.б	Жетістіктері
1.	Утепов Пархат Дүйсембаевич	М.ғ.к., кафедра	utepov.parkhat@mail.ru	Эпидемиология, уран	Халықаралық және республи-

«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы

044 -59/11 ()

«Гигиена және эпидемиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

28 беттің 3беті

		меңгерушісі		өнеркәсібіндегі гигиена	калық деңгей- дегі 70-тен астам мақала- лардың авторы, 4 әдістемелік ұсыныстардың авторы.
2.	Долтаева Бибигуль Зайдуллаевна	М.Ғ.К., профессор М.А	Doltaeva 68@ mail.ru	Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы	Халықаралық және республи- калық деңгей- дегі 50-ден астам мақала- ның авторы, оның ішінде 1-і әдістемелік күрал.
3	Жаксыбаева Женискуль Бегасилкызы	магистр, аға оқытушы	zzb09@ mail.ru	Жалпы гигиена	Халықаралық және республи- калық деңгей- дегі 30-дан астам мақала- ның авторы, оның ішінде 1-і әдістемелік күрал.

8. Тақырыптық жоспар

Апт а	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқытудың түрлері / әдістері / оқыту технологиялары	Бағалау түрлері/ әдістері
1	Дәріс: Гигиенаға кіріспе. Гигиеналық нормалау мен болжамдаудың ғылыми негіздері.	Гигиена-медицина саласының негізгі профилактикалық пәні. Гигиенаның мақсаты мен міндеттері. Гигиенаның негізгі зерттеу әдістері. Гигиена бөлімдері. Ескертпелі және ағымдағы санитариялық қадағалау. Гигиеналық нормативтер.	ОН1	1	Кіріспе	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

		Нормалаудың бірінші кезектілігі және қағидалары.				
	Тәжірибелік сабақ: Бөлме микроклиматын гигиеналық бағалау. Жылытуды бағалау.	Ауа ортасының гигиена-лық маңызы. Үй-жайдың микроклиматы. Бөлме ауасының температура-лық тәртібі мен ылғалды-лығын өлшеу әдістемесі. Термометр, психрометр, барометр, анемометр. Жұмыс істеу қағидасы. Микроклиматтық факторлардың адам ағзасына әсерін кешенді бағалау.	ОН2	2	кіші топпен жұмыс	ауызша сұрау, тест тапсыр-маларын құрастыру
	ОБӨЖ, БӨЖ: Атмосфералық ауаның ластануы-ның гигиеналық маңызы, Қазақстан Республикасында атмосфералық ауаның ластануының мәселелері.	Парниктік эффект. Озон қабатының жыртылуы. Қышқыл жаңбырлардың пайда болуы. Атмосфе-ралық ауаны ластанудан қорғау бойынша шаралар.	ОН2	2/3	ауызша сұрау	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
2	Дәріс: Атмосфералық ауа гигиенасы.	Ауа температурасы, ылғалдылығы және қозғалыс жылдамдығы-ның гигиеналық маңызы. Микроклимат, оны қалыптастырушы факторлар.	ОН1	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ: Бөлмелердегі инсоляциялық тәртіпті, табиғи және жасанды жарықтандыруды	Микроклимат түрлері, адам ағзасына әсері. Табиғи жарықтандыру-дың негізгі көрсеткіштері (СК, ТЖК, жарықтың құлау бұрышы, саңылау	ОН1	2	кіші топпен жұмыс	ауызша сұрау, тест сұрақтарын құрастыру

	гигиеналық бағалау.	бұрышы, тереңдету коэффициенті). Табиғи жарықтандыру көрсеткіштерін анықтау әдістері. Люксметр-яркомер. Люксметр-яркомердің жұмыс істеу қағидасы. Инфрақызыл радиация және УК-сәулеленудің қарқындылығын өлшеу және бағалау әдістері.				
	ОБӨЖ, БӨЖ : Күн сәулесінің радиациясы және оның гигиеналық маңызы.	Күн радиациясының гигиеналық маңызы. Күн радиациясының спектрлері және оның гигиеналық маңызы.	ОН2	2/3	ауызша сұрау	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
3	Дәріс: Су гигиенасы.	Ауыз судың физиология-лық, гигиеналық және эпидемиологиялық маңызы. Ауыз суға қойылатын гигиеналық талаптар. Судың химиялық құрамы және оның тұрғындар денсау-лығына әсері. Су көздерін санитариялық қорғау жөніндегі іс-шаралар.	ОН2	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ: Ауыз судың және сумен жабдықтау көздерінің сапасын гигиеналық бағалау. Су сапасын жақсарту әдістері	Сумен жабдықтау көздері, олардың санитарлық-гигиеналық сипаттамалары. Сумен жабдықтау жүйелері. Су сапасын жақсартудың негізгі әдістері (коагуля-ция, тұндыру, сүзу). Су	ОН1	2	кіші топпен жұмыс	ситуациялық есептерді шешу

		сапасын жақсартудың арнайы әдістері.				
	ОБӨЖ, БӨЖ: Су қорының мәселелері, сумен қамтамасыз ету көздері. Су көздерін санитариялық қадағалау.	Судың химиялық, биологиялық, механика-лық, радиоактивті ластануы және олардың сипаттамалары. Су көздерін санитарлық қорғау бойынша негізгі шаралар. Су көздерін ластанудан. санитарлық қорғау.	ОН2	1/3	ауызша сұрау	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
4	Дәріс: Тамақтану денсаулық факторы ретінде..	Тамақтану қызметі. Тағамның биологиялық әсері және тамақтану түрлері. Адамдардың тамақтануындағы ағзаға қажетті өнімдердің негізгі топтары. Олардың тағамдық және биологиялық құндылығы. Тиімді тамақтану туралы түсінік.	ОН2	1	Мәселелік дәріс-	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ: Топырақты санитарлық-гигиеналық бағалау.	Топырақтың гигиеналық маңызы. Топырақтың құрамы және физикалық қасиеттері. Топырақтың санитарлық жағдайының көрсеткіштері. Тұрғындар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың таралуындағы топырақтың рөлі.	ОН2	2	ауызша сұрау, сабақ тақырыбын талқылау	тест тапсырмаларын құрастыру, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ, БӨЖ: Тамақтану улану және олардың алдын алу.	Тамақтану улану қоздырғыштарының этиологиясы, көздері, механизмдері, берілу	ОН3	2/3	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық

		факторлары.				есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
5	Дәріс: Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.	Әр түрлі жас кезеңіндегі балалардың дамуы мен өсу ерекшеліктері. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы және оны шарттайтын факторлар. Физикалық дамуды зерттеу және бағалау әдістері.	ОН2	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ: Тамақтану гигиенасы. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, минералдық заттардың және дәрумендердің гигиеналық маңызы.	Рационалды тамақтану, оның гигиеналық маңызы. Макронутриенттер (ақуыздар, майлар, көмірсулардың) мен микронутриенттердің (минералдық заттар және дәрумендердің) балалар мен жасөспірімдер тамақтануындағы маңызы.	ОН2	2	ауызша сұрау	тест тапсырмаларын құрастыру
	ОБӨЖ, БӨЖ: Елді мекендерді санитарлық тазарту.	Топырақ қалдықтарды жоюдың табиғи ортасы ретінде. Елді мекендерді тазартудың гигиеналық маңызы. Қалдықтардың жіктелуі. Қоқыстарды жою және залалсыздандыру. Топырақты санитарлық қорғау бойынша іс-шаралар.	ОН1	2/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
6	Дәріс: Еңбек гигиенасы мен физиологиясының негіздері.	Еңбек гигиенасының негізгі міндеттері. Өндірістік факторлар туралы түсінік. Кәсіби зияндылық және адам	ОН2	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

		денсаулығы. Өндірістік зияндылықтың жіктелуі.				
	Тәжірибелік сабақ: Балалар ағзасының өсуі мен дамуының негізгі заңдылықтары. Жас ерекшелік кезеңдері.	Балалар ағзасының өсу мен даму заңдылықтары. Өмірлік циклдің кезеңдері. Жеке даму үдерістерінің кезеңділігі-нің жіктелуі (жас топтары).	ОН1 ОН2	2	кіші топпен жұмыс, балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық физиологиялық ерекшеліктерімен танысу.	ауызша сұрау, тест тапсырмаларын құрастыру
	ОБӨЖ, БӨЖ : Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мекемелерде тамақтандыруды ұйымдастыру. Кәсіптік-техникалық ұйымдарда тамақтандыруды ұйымдастыру.	Мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар. Кәсіптік-техникалық ұйымдардағы жасөспірімдерді тамақтандырудың ерекшеліктері.	ОН2	1/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
7	Дәріс: Емдеу-алдын алу ұйымдарының гигиенасы.	ЕАҰ гигиенасының мақсаты мен міндеттері. ЕАҰ-н орналастыруға және жоспарлауға қойылатын гигиеналық талаптар. Аурухана учаскесін таңдауға және оның орналасуына қойылатын гигиеналық талаптар. Аурухана құрылысы жүйелерінің гигиеналық сипаттамасы.	ОН3	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ: Өндірістік микро-климат және қолайсыз микро-климаттық жағдайларға байланысты	Өндірістік шаң зиянды фактор ретінде, жағымсыз әсерлердің алдын алу. Өндіріс жағдайындағы шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс. Діріл зиянды және қауіпті	ОН2	2	кіші топпен жұмыс	ауызша сұрау чек-парағы, тест тапсырмаларын құрастыру

	аурулардың алдын алу.	өндірістік фактор ретінде. Лазерлік сәулелену. Иондаушы емес сәулеленудің адам ағзасына жағымсыз әсерінің алдын алу.				
	ОБӨЖ, БӨЖ: Медицина қызметкерлерінің еңбек гигиенасы.	Медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайлары-ның ерекшеліктері. Кәсіби зияндылық факторларының жіктелуі. Медицина қызметкерлерінің жұмысындағы химиялық, физикалық, механикалық, биология-лық, психогендік фактор-лар. Жеке мамандықтағы дәрігерлердің еңбек гигиенасының ерекшеліктері.	ОНЗ	2/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
8	Дәріс: Эпидемиология пәні, мақсаты мен міндеттері.	Эпидемиология туралы түсінік. Эпидемиология-ның мақсаттары мен міндеттері. Эпидемиялық үрдіс туралы қазіргі заманғы түсінік. Эпидемиялық үрдіс, оның құрылымы, көріну формалары.	ОН6	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

	Тәжірибелік сабақ: ЕПҰ гигиенасы. ЕПҰ-ның арнайыландырылған бөлімшелерінің ішкі жоспарлануын гигиеналық бағалау.	Ауруханаға жер телімін таңдауға және оны жоспарлауға қойылатын гигиеналық талаптар. ЕПҰ-ның жағдайлық және бас жоспарын жоспарлау қағидасы. Аурухана құрылыс жүйесінің гигиеналық сипаттамасы.	ОН4	2	сабақтың тақырыбын талқылау, ЕАҰ-ның ахуалдық және бас жоспарымен танысу.	ауызша сұрау чек-парағы
	ОБӨЖ, БӨЖ : Медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялар және олардың алдын алу.	МКБИ ұғымның анықтамасы. МКБИ қоздырғышының берілу механизмдері, жолдары және факторлары. Алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралар.	ОН3	2/4	ауызша сұрау	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
	Аралық бақылау	1-8 аптада өткен дәрістердің, практикалық және ОБӨЖ сабақтардың тақырыптары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН6		Тестілеу	тестілік бақылау
9	Дәріс: Эпидемиологиялық зерттеулер әдісі. Эпидемиологиялық бақылау және оның жұқпалы аурулар кезіндегі ерекшелігі.	«Эпидемиологиялық әдіс» туралы түсінік. Эпидемиологиялық зерттеулердің түрлері. Эпидемиологиялық зерттеулердің этикалық түрлері. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, оның анықтамасы және мазмұны. Эпидемиологиялық қадағалау тұрғындардың	ОН5	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

		денсаулы-ғын жұқпалы аурулардан қорғау бойынша басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті деректерді үздіксіз жинауды, зерделеуді, қорытуды, талдауды, түсіндіруді және таратуды қамтамасыз ететін жүйе ретінде.				
	Тәжірибелік сабақ: Медициналық қалдықтар, оларды жою мәселелері.	Медициналық қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және әкету тәртібі.	ОНЗ	2	кіші топпен жұмыс	ауызша сұрау чек-парағы, ситуациялық есептерді шешу
	ОБӨЖ, БӨЖ: Салауатты өмір салты ересектер мен балалар арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу негізі ретінде. Жоба.	Балалар арасында жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар. Салауатты өмір салтының компоненттері. Тұрғындардың денсаулық көрсеткішін жақсарту бойынша ұсыныстар.	ОН5	1/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс, ғылыми мақалаларды талдау. ЖБО.	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация. ғылыми мақалаларды бағалау чек-парағы. Жоба-мен жұмыс.
10	Дәріс: Тұрғындардың ауруды қабылдау-шылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар.	Иммунопрофилактика негізі. "Иммунопрофилактика" ұғымының анықтамасы. Алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүйесіндегі иммунопро-филактиканың орны, оның жұқпалы аурулардың әртүрлі топтарындағы маңызы.	ОН5	1	Дәріс-Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

	Тәжірибелік сабақ: Эпидемиология пәні және әдісі. Эпидемиялық үрдіс туралы қазіргі заманғы түсінік.	Эпидемиология туралы түсінік. Эпидемиология мақсаттары мен міндеттері. Эпидемиялық үрдіс, оның құрылымы, көріну формалары.	ОН3 ОН4	2	кіші топпен жұмыс, эпидемиялық үрдістің көріністерін оның даму себептері мен жағдайларын ескере отырып түсіндіру; аурулардың даму себептерін анықтау.	ауызша сұрау чек-парағы
	ОБӨЖ, БӨЖ: Аэрогенді берілу механизмі бар инфекциялар ошақтарында эпидемияға қарсы іс-шаралар (дифтерия, менингококк инфекциясы).	Нақты нозологиялық формалардың берілу жолдары, механизмдері мен факторлары. Ошақтардағы алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралар.	ОН1 ОН3	2/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
11	Тәжірибелік сабақ : Ішек инфекциялары.	Ішек инфекцияларының эпидемиологиялық сипаттамасы. Іш сүзегі және паратифтер, эшерихиоз, шигеллез, сальмонеллез, кампиллобактериоз.	ОН1 ОН3	2	кіші топпен жұмыс. ЖПИ кезінде жүргізілетін эпидемиологиялық ерекшеліктер мен алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін талдау.	ауызша сұрау чек-парағы, тест тапсырмаларын құрастыру
	ОБӨЖ, БӨЖ: АИТВ-инфекция.	АИТВ-инфекциясы қоздырғышының сипаттамасы. Инфекция қоздырғышының көзі. Берілу механизмі, оны іске асыру жолдары мен факторлары. АҚТҚ инфекциясының алдын алу және оның таралуына қарсы күрес шаралары.	ОН3 ОН4	2/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
12	Тәжірибелік сабақ:	Вирустық гепатиттердің этиологиясы. Фекалды-ауыз арқылы берілу	ОН3 ОН4	2	кіші топпен жұмыс. Вирустық гепатиттердің	ауызша сұрау чек-парағы, тест тапсыр-

13	Вирустық гепатиттер.	механизмі бар вирустық гепатиттердің эпидемио-логиясы (А,Е). Қарым- қатынас және жасанды берілу механизмі бар вирустық гепатиттердің эпидемиологиясы (В, С, Д).А және Е, В, С, Д вирусты гепатиттері кезіндегі профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар			этиологиясын, эпидемиологиясын және алдын-алу мен емдеу қағидасын қарастыру.	маларын құрастыру
	ОБӨЖ, БӨЖ: Ботулизм және тағамдық токсикоинфекциялар.	Ботулизм және тағамдық токсикоинфекция кезіндегі эпидемиялық үрдістің этиологиясы мен сипаттамасы. Алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру.	ОНЗ	1/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
	Тәжірибелік сабақ: Дезинфекция, стерилдеу, дезинсекция, дератизация.	Дезинфекция, түсінігі, түрлері. Стерильдеу, түсінігі, әдістері. Дезинсекция, түсінігі, оны жүргізу тәсілдері мен құралдары. Дератизация, түсінігі, оны жүргізу тәсілдері мен құралдары.	ОН5	2	кіші топпен жұмыс, дезинфекция, дезинсекция, зарарсыздандыру, дератизация әдістері мен тәртібі туралы түсінік қалыптастыру.	ауызша сұрау чек-парағы, тест тапсырмаларын құрастыру.
	ОБӨЖ, БӨЖ: Герпетикалық және цитомегаловирусты инфекциялар.	Этиологиясы, эпидемиялық үрдістің сипаттамасы, герпетикалық инфекциялар мен цитомегаловирусты инфекциялар кезінде эпидемияға қарсы және алдын алушы шараларды ұйымдастыру	ОНЗ	2/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.

		қағидалары.				
14	Тәжірибелік сабақ: Жұқпалы аурулардың имунопрофилактикасы.	Иммунопрофилактика негізі. "Иммунопрофилактика" ұғымының анықтамасы. Профилактикалық егулерді ұйымдастыру. Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесі. Вакцинация көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдері, белсенді және пассивті имундау.	ОНЗ ОН4	2	кіші топпен жұмыс, имунопрофилактиканың теориялық негізі туралы түсінік қалыптастыру.	ауызша сұрау чек-парағы
	ОБӨЖ, БӨЖ: Геогельминтоздар мен биогельминтоздар. Жалпы сипаттамасы.	Геогельминтоз қоздырғыштарының даму циклі-нің ерекшеліктері, эпидемиялық үрдістің сипаттамасы, күресу қағидалары, геогельминтоздың алдын алу (аскаридоз, трихоцефалез, анкилостомидоз, стронгилоидоз), биогельминтоздың алдын алу (тениоз, тениаринхоз, эхинококкоз, описторхоз, дифиллоботриоз, трихинеллез).	ОНЗ	1/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс.	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация.
15	Тәжірибелік сабақ: Тыныс алу жолдарының инфекциялары.	Тыныс алу жолдары инфекцияларының эпидемиологиялық сипаттамасы. Тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялар. Қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит,	ОНЗ	2	кіші топпен жұмыс, тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруларының пайда болу және таралу себептері мен жағдайларын анықтау.	ауызша сұрау чек-парағы

		скарлатина, менингококк-ты инфекция, желшешек.				
	ОБӨЖ, БӨЖ: Сыртқы қабаттардың инфекцияларын эпидемиологиялық қадағалау. Аралық бақылау	Қышыма эпидемиологиясы және алдын алу. Дерматомикоздар кезінде эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру. 9-15 аптадағы дәрістер, практикалық сабақтар және БӨЖ материалдары бойынша білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау.	ОН6	1/4	Әдебиеттер және мәліметтер базасымен жұмыс. Тестілеу	тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация, тестілік бақылау

Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу: 12 сағат

9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері	
9.1	Дәріс	Кіріспе, шолу, мәселелік.
9.2	Тәжірибелік сабақ	Кіші топпен жұмыс, ауызша сұрау чек-парағы, тест тапсырмасын құрастыру, ситуациялық есептерді шешу.
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру чек-парағы, презентация, ғылыми мақалаларды бағалау чек-парағы. ЖБО.
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу.

10. Бағалау критерийлері

10.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

№ ОН	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық-	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерін, олардың басқа ғылымдармен байланысы тұрғысындағы білімдерін түсіндіре алады,	1. Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерінің басқа ғылымдармен байланысын білмейді және түсінбейді.	1. Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерін басқа ғылымдармен байланыстыра алады және түсінеді.	1. Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерін басқа ғылымдармен байланыстыруда білімдері мен түсінікте-	1. Гигиенада, эпидемиологияда қолданылатын зерттеу әдістерін басқа ғылымдармен байланыстыруда өте жақсы білімдері мен

	қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық тұрғыдан нормалаудың қағидалары мен ерекшеліктерін және қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын біледі.	2.Қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық нормалаудың қағидалары мен ерекшеліктерін білмейді. 3.Қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын бағалай алмайды.	2.Қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық нормалаудың қағидалары мен ерекшеліктерін атай алады. 3.Қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарын бағалай алады.	рін қолдана алады. 2.Қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық нормалау қағидалары мен ерекшеліктерін сауатты қалыптастыра алады. 3.Қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттарына болжам жасай алады және жоспарлайды.	түсініктерін көрсетеді. 2.Қоршаған ортаның химиялық, физикалық, биологиялық факторларын гигиеналық нормалау қағидалары мен ерекшеліктерін талдай алады. 3.Қоршаған орта факторларының адам денсаулығына қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттары туралы тамаша білім көрсетеді.
ОН2	Әртүрлі аурулардың пайда болуындағы ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін және оларды оңтайландырудағы алдын алу шараларын анықтайды; тамақтану, еңбек,	1.Әртүрлі аурулардың пайда болуындағы ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін білмейді. 2.Әртүрлі ауруларды оңтайландыру жөніндегі алдын	1.Әртүрлі аурулардың пайда болуындағы ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін түсінеді. 2.Әртүрлі ауруларды	1.Әртүрлі аурулардың пайда болуында ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін бағалай алады.	1.Әртүрлі аурулардың пайда болуындағы ауаның, ауыз судың, топырақтың және тұрғындық бөлмелердің рөлін нақты анықтай алады.

	балалар мен жасөспірімдер, коммуналдық гигиенасы саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды пайдаланады.	алу шараларын түсіндіре алмайды. 3. Тағам гигиенасы, , еңбек, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, коммуналдық гигиена саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды пайдалана алмайды.	оңтайландыру жөніндегі алдын алу шараларын көрсете алмайды. 3. Тағам гигиенасы, , еңбек, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, коммуналдық гигиена саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды қолдана алады.	2.Әртүрлі ауруларды оңтайландырудағы алдын алу шараларының рөлін дұрыс және басқалардың көмегінсіз анықтайды. 3.Тағам гигиенасы, еңбек, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, коммуналдық гигиена саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды қолдану барысында дұрыс қорытынды жасай алады.	2.Әртүрлі ауруларды оңтайландыру тұрғысындағы алдын алу шараларының тиімділігін бағалай алады. 3. Тағам гигиенасы, еңбек, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, коммуналдық гигиена саласындағы негізгі нормативтік құжаттарды қолдану барысында тамаша білім көрсетеді.
ОНЗ	Медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялардың алдын алудың гигиеналық аспектілері мен тиімділігін, медициналық персоналдың еңбек жағдайлары мен денсаулық жағдайын талдайды; тұрғындардың ауруды жұқтыру	1. Медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялардың алдын алудың гигиеналық аспектілері мен тиімділігін, медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайы мен денсаулық жағдайын білмейді. 2.Тұрғындар арасында	1. Медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялардың алдын алудың гигиеналық аспектілері мен тиімділігін, медициналық қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен денсаулық жағдайын	1.Гигиеналық аспектілерді талдауда білімді және медициналық көмекпен байланысты туындайтын инфекциялардың алдын алудың тиімділігін, медициналық қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен денсаулық	1.Гигиеналық аспектілерді талдауда керемет білімді көрсетеді. 2.Тұрғындар арасында ауруды жұқтыру жолдарының ықтимал қауіптілігін бағалайды. 3.Тұрғындар арасында сырқаттанушылықты

	жолдарының ықтимал қауіптілігін бағалайды; тұрғындар арасында сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды түсіндіреді.	жұқпалардың таралу жолдарының ықтимал қауіптілігін түсінбейді 3. Тұрғындар арасында сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі алдын алу шараларын түсіндіруге қабілетсіз.	талдау қиынға соғады. 2. Тұрғындар арасында жұқпалардың таралу жолдарының ықтимал қауіптілігін атай алады. 3. Халық арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша профилактикалық іс-шараларды түсіндіре алады.	жағдайын қолданады. 2. Өз күшімен дұрыс және дәйекті түрде тұрғындар арасындағы ауруды жұқтыру жолдарының ықтимал қауіптілігін анықтайды. 3. Тұрғындар арасындағы сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі алдын алу іс-шараларын ұйымдастыра алады.	төмендету бойынша профилактикалық іс-шаралардың тиімділігіне мониторинг жасайды.
